



PANORAMA: ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ II

Гаити мен Латын Америкасындағы
отарлыққа қарсы революциялар



Дәрістің мақсаты: жаңа заман кезеңінде орын алған отарлық ықпалға қарсы бағытталған Гаити мен Латын Америкасындағы революцияларды қарастыру.

Кілт сөздер: америкалық революция, конституциялық монархия, халық көтерілісі, Француз революциясы, Гаити революциясы, афранши, Хунта, каста, пенинсуларес.

Осыған дейін сіздер мектеп бағдарламасында және ЖОО тарих пәндерінде көбінесе Еуропадағы революцияларды қарастырған едіңіздер. Ал бүгін біз өте қызықты тақырыпқа Гаити мен Латын Америкасында отарлыққа қарсы болған революцияларға тоқталамыз.

Француз революциясы шын мәнісінде әлемдік маңызы зор оқиға болды. Себебі ол алғашқы – Адам мен азамат құқығы Декларациясының жазылуы мен жариялану уақытынан бастап революционерлер тек француздарға ғана емес, барлық адамзатқа үндеу жіберді. Революцияға қатысушылардың мақсаты қаншалықты анық және тұрақсыз болмаса да, революция жаһандық өзгерістердің қажеттігін, мүмкіндігін және оған уақыттың жеткенін байқатты. Нақ осы жағдай революцияшыл және наполеондық Францияның қарсыластарын өз иеліктерінде кең түрде реформа жүргізуге итермеледі. Бұл реформалар бюрократиялық аппараттың тиімділігі мен әскердің қабылеттілігін арттыру үшін ғана емес, «жартылай» болса да, революциялық толқулардың алдын алу үшін іс-шаралар жүргізуге мәжбүрледі.

Француз революциясы тығырыққа тірелгенде, 1789–1804 жылдары Кариб бассейніндегі кейінірек Гаити деп аты өзгерген Сан-Доминго (Әулие Доминик) колониясында Франциядағы оқиғалармен тікелей байланысты тағы бір халықтық көтеріліс басталды. Британияның Солтүстік Америкадағы колонияларымен салыстырғанда, Сан-Доминго еуропалық қоныстанушылардың отары емес еді. Бірақ тропикалық плантациялардағы қоғам тұрғындарының көп бөлігінің шығу тегі африкалық болды, оның ішінде көпшілігі құлдар еді.

Бұл дәрісте біз француз революциясының ықпалымен болған өзге аймақтардағы революцияларға тоқталамыз. Нақтырақ айтсақ, Гаитидегі құлдардың көтерілісі мен испандық және португалдық отарларда тәуелсіздік үшін болған соғыстарға тоқталамыз. Гаитиде де, Пириней монархияларының отарларында да оларды біріктірген бір нәрсе АҚШ-тағыдай ақ нәсілділер демографиялық көпшілік бола алған жоқ. Бірақ бұл революциялар өз нәтижелері бойынша бір-біріне ұқсамайды: егер Гаитиде ақ нәсілділер билігі өздерімен бірге құрдымға кетіп, барлық билік бұрынғы қара құлдардың қолына көшсе, Латын Америкасында Америкада ақ нәсілділерден туылған элита (креолдар) Еуропадан шыққан ақсүйектерді алмастырды. Осы тұрғыда Испандық отарлардағы көтеріліс, Бразилияда тәуелсіздік үшін қан төгіссіз болған қозғалыс сияқты «креолдық ақсүйектердің» билікті өз қолына алған Американдық революцияға ұқсап кетті.

Авторлар Гаити революциясын Атланттық әлемдегі қозғалыстардың ішіндегі ең революцияшыл көтеріліс деп сипаттайды. Себебі ол құлдыққа негізделген әлеуметтік жүйені жойды. Дегенмен Гаитидегі бостандықтың құны жоғары болды. Ол 13 жыл қатігез соғыс пен күйреген экономикамен төленді.

Батыс жартышарында екінші тәуелсіз мемлекетке жол ашқан Гаити аралындағы революция құлиеленушілік шарықтаған қоғамда өршіді. Сан-Диего аталған Гаитидің француздық үштен бір бөлігінде тұрып жатқан жарты миллионнан астам халықтың басым көпшілігі – Африкадан келген қара құлдар болды. Халықтың қалған бөлігін 40 мың ақ нәсілді отаршылар мен еркіндік алған қаралар – афранши (фр. *afranchis* – «азат етілгендер») құрады. Афранши өзінің еркін адам мәртебесіне қарамастан, барлық ақ нәсілділерден үнемі әлеуметтік тұрғыдан кемсітулерге тап болатын. Мысалы, олар ақ нәсілді отбасынан шыққан адамға үйлене алмады.

Құл тұрғындар, аралда туғандар (креолдар) мен тропикалық Африкадан келгендер де, қоғамның ең төменгі сатысын иеленді. Мэрилендтен кішкене ауқымдырақ колонияда тұратын бұл тұрғындар шамамен 500 мыңдай – 1790 жылғы тұтас Құрама Штаттардағы құлдардан шамамен екі есе көп еді. Дүниежүзінің қант пен кофеге сұранысын қанағаттандыру үшін және әдетте ұзаққа шыдамай өліп кетіп отырған құлдардың орнын толықтырып отыру үшін, плантаторлар үздіксіз жұмыс күшінің импортына мұқтаж болды. Мысалы, 1785–1790 жылдар аралығында құл таситын кемелер Батыс Африкадан жылына шамамен отыз мың құл тасыды.



Бұл ауқымды үш әлеуметтік тап арасындағы қарым-қатынас XVIII ғасырда қатты ушықты. Мұның барлығы Сан-Домингоның жаһандық сауда-саттықтағы алар орнының өте жоғары болғанына байланысты жағдайлардан туындады. Кедей ақ нәсілді тұрғындар бақытын іздеп Франциядан көшкен адамдар еді, олар байлықтың көп бөлігіне иелік ететін плантаторлар элитасына наразы болды. Азат болғандарына қарамастан, афраншилер барша ақ нәсілділер тарапынан көрсетілетін жүйелі дискриминациядан жапа шекті. Еуропадағы адам құқықтары жайлы сөз колонияға жеткен бойда афраншилер бұл ұранды бірден іліп әкетті.

АҚШ-тың Оңтүстік штаттарындағы сияқты ақ нәсілділердің арасында құлиеленушілер аз болды; олардың басым бөлігін Еуропадан жаңа мүмкіндіктер мен табыс іздеп келген кедейлер құрады. Бұл меншік пен нәсіліне қарап құрылған қатаң иерархиялы қоғам болды: оның басында ақ плантаторлар, содан кейін ақ нәсілді кедейлер, одан төмен еркін қаралар, ал ең төменде құлдардың үлкен қауымы орналасты.

Француздық метрополияда революция басталған уақытта асқақтаған ортақ көңіл күйге қарамастан, аталған топ өкілдері оның мақсатын басқалармен үйлесе қоймайтын өз мүддесі тұрғысынан қабылдады. Құлдар мен қант плантацияларының иелері бұдан он жыл бұрын солтүстікте ағылшын отарларда берілген біршама көбірек автономия туралы армандады. Кедей ақ нәсілді шаруалар мен азаттық алған құлдар плантаторлармен бірдей құқықтарға қол жеткізу үмітімен өмір сүрді. Ал құлдардың арасында мүлде басқа жоспарлар – құлдық жүйе мен құлиеленушілерді басқа да ақ қоныстанушылармен бірге бірақ көзін жою болды. Бірақ құлдарға жеке меншігі жоқ тұлғалар болғандықтан ешкім құлақ аспады.

Француз революциясы сияқты Сан-Домингода басталған қозғалыс бірнеше кезеңнен тұрды. Осы тұрғыдан да ол француз революциясына ұқсас десе де болады.

Бірінші кезең 1789–1791 жж. аралығын қамтыды. Кедей ақ отаршылар мен афранши Франциядағы Ұлттық Ассамблеядан хабар келгенше Париждегі режимнен көп үміт күтті. Екі топ та саясатқа ықпал ету мақсатымен Францияға өз делегацияларын жіберді және Гаитилик ақ нәсілдер сайлаған аймақтық ассамблеяны бекітті. Бірақ революцияға қатысты Гаитидегі плантаторлар, кедей ақ нәсілділер және афранши революцияға қатысты әртүрлі көзқараста болды. Бай жер иелері көбінесе бостандық туралы айтып, ол үлкен отарлардың өзін-өзі басқаруын немесе құлдыққа тиіспей қалдырған мемлекеттер сияқты тәуелсіздікті білдірді. Кедей ақ нәсілділер плантаторлық топпен бірдей тең құқықты қалады. Афранши ақ нәсілділермен бірдей теңдікті жақтады. 1791 жылдың мамырында Ұлттық Ассамблея ата-аналары азат болған еркін қара нәсілділерге заңды бостандық берді. Бұл әрекетке отардағы ақ нәсілділер наразы болды. Осы уақытта аталып кеткен үш топ бір-бірімен қақтығысқа түсіп, әрқайсысы өздерін Француз революциясының шынайы рухын ұстанушы деп бейнеледі. Мұндай келіспеушілік революцияның екінші кезеңінің басталуына әкелді.

1791 жылдың жазында жаппай құлдар көтерілісі лап етті. Құлдар плантаторларды өлтірді, ал плантаторлар қолға түскен құлдарды жазалады.

1791–1794 жж. аралығында Сан-Домингоны анархия жайлады. 1793 жылы Испания мен Британия өздерінің Кариб теңізіндегі саясатын күшейту мақсатында шабуыл жасағаннан кейін жағдай одан әрі күрделене түсті.

Революцияның үшінші кезеңі басталды. 1794–1802 жж. аралығын қамтыған кезеңде көтеріліс бұрынғы құл Туссеннің басқаруымен жалғасты. Белгілі болғандай, көтерілісшілерде құпия қоғамдар болғандықтан ұйымдасуы жоғары және қажетті әскери дағдылары болды. Франсуа-Доминик Туссеннің қолбасшылық дарыны мен Испания тарапынан алған қолдаудың арқасында отарлар француз үстемдігінен бостандық алды.

1794 жылы революциялық Франция құлдықты жойды. Мұның нәтижесінде Туссен француздар жағына өтті. Ол өз әскерлерін бұрынғы испандық одақтастарға қарсы бағыттап бірқатар жеңістерден кейін барлық аралдың қожайынына айналды. Париж оның қара нәсілділердің арасындағы беделін ескеріп, Туссенді ресми түрде Сан-Доминго губернаторы етіп тағайындады. Осылайша мойындалмаған Кариб мемлекеттің іс жүзіндегі билеушісіне айналған Туссен соғыстан күйзелген аралдың экономикасын қалпына келтіруге тырысып, бұрынғы құлдарды қант плантацияларында күштеп жұмыс істеуге мәжбүрледі.

Дарынды, партизандық тактиканы меңгерген әрі сауатты Туссен құлдар мен қоғамдағы өзге де топтар арасындағы әлеуметтік алшақтықты сәтті пайдалана білді. Француз Ұлттық



Конвенциясы мұхитарты колониялардың барлығында құлдықты тоқтатқан кезде, Туссен испандық және британдық оккупациялық күштермен соғысу үшін аралдағы Француз республикашыл шенеуніктеріне қосылды. Безгек ауруы да тойтарыс берді, 25 мың Британ әскерінің 15 мыңы осы дерттен көз жұмды. 1800 жылы Франция үкіметі Туссенді Сан-Домингоның губернаторы етіп тағайындады, әйтсе де ол демократиялық режим орнатқан жоқ. Жаңа жазылған конституция барлық құзіретті оның қолына шоғырландырып берді. Шикізат тауарларының экспорты арал экономикасының өміршеңдігінің кілті екенін ұғып, мәжбүрлі жұмысқа жегу мен азаттыққа қауышқан бұрынғы құлдарды жұмысқа қайта тарту үшін плантацияларда ортақ табысқа жұмыс істеу механизмін кейде сәтті, кейде сәтсіз жүзеге асыруға тырысты.

Революцияның төртінші кезеңінде, яғни 1802–1804 жж. аралығында соғысқа Наполеон араласты. Француздық метрополияда Наполеонның билікке келуіне байланысты аралдағы жағдай өзгере бастады. Құлдық тәртіпті сақтап қалғысы келген Наполеон өз әскерлерін аралға жіберді. Бастапқыда Наполеон Туссеннің абсолюттікке жақын билігін мойындады. Бірақ 1801 жылы ол аралға ресми себеппен француз үстемдігін қайта орнату, ал бейресми себеп – аралдағы құлдықты қалпына келтіру үшін экспедициялық корпус жіберді. Француздарды басқарған Шарль Леклер Туссенді тұтқындап, оны Францияға жіберді. Ол кейіннен сонда қайтыс болады. Осыған қарамастан, француздар жеңіске жете алмады. Көтерілісшілердің екі жақты шабуылы мен әскер арасында ауру жайлағанның салдарынан француз әскері жоқ болып кетті. 1803 жылы Наполеон өзінің отарлық авантюрасының сәтсіздігін мойындап, Луизиананы американдықтарға сатып, аралдағы француздарды қолдаусыз қалдырды. Бір жылдан кейін француз әскерінің қалдықтары толық талқандалғаннан кейін болашақ император Жак I Жан-Жак Дессалинидің басқаруымен Гаити тәуелсіздігін алды.

Құлдықты жойғаннан кейін гаитилік революционерлер қоғамды жаңа эгалитарлық негізде құруға тырысты. Бұл аса қиын міндет болды. Оның ең басты себебі арал экономикасының қант құрағының экспортына тәуелділігі болды. Плантациядағы жұмыс көп еңбек сіңіруді талап етті, сондықтан да жас мемлекеттің үкіметі жартылай әскери еңбекборышын енгізуге мәжбүр болды. Сонымен қатар, кеше ғана өткен құлиеленушілік пен француздармен күрес кезіндегі ауыртпалықтар мен трагедиялар аралдықтардың естен кете қоймай зіл боп басып тұрды. Бұл зіл нәсілдік өшпенділікті тұтатып аралда қалған ақ нәсілді адамдардың түгел қырылуына әкелді. Ақыры не демократияға қол жеткізе алмай, не бұрынғы метрополиямен арадағы қайшылықты реттей алмаған Гаитидің тәуелсіздігі халықтың елеулі бөлігінің тұрмысын жақсарта алмай, нәсілдік элитаның өзгеруімен тынды. Гаити революциясының нәтижесін жетекші мемлекеттер Франция 1825 жылға дейін, ал АҚШ 1862 жылға дейін мойындамады.

Екінші толқын: Латын Америкадағы революциялар

Оңтүстік пен Орталық Американың испандық иеліктерінде өткен бірқатар көтерілістердің нәтижесі де ел билеушілерінің ауысуына әкелді. Олардың басталуына 1807 жылы Наполеон әскерлерінің Испания мен Португалияны жаулауы себеп болды. Алғашқыда отарлардағы билікті өз қолына алған хунта, әлеуметтік және саяси өмірді өзгертуге бағытталған реформаларға үміт артып, монархияларға адалдық танытты. Хунта дегеніміз – жергілікті немесе ұлттық үкіметті бақылайтын комитет немесе кеңес.

1814 жылы таққа қайта отырған Испанияның королі Фердинанд VII олардың үмітін ақтамады. Бұл өз кезегінде латын американдық империяның елеулі бөлігінде испандық биліктің тоқтауына себеп болған отарлық әкімшілікке қарсы ашық қарсылық пен соғыстарға әкелді.

Мадридтен тікелей құзірет алмаған хунталар жергілікті империя шенеуніктеріне қарамастан, Испанияның Америкадағы бірнеше қаласындағы саяси істерін бақылауды қолдарына алды. 1810 жылы Буэнос Айрес пен Каракаста қарулы қақтығыстар бұрқ ете қалды. Дәл осы жылы Мексикалық шіркеу священнигі Мигель Идальго Жаңа Испания вице-корольдігіндегі Испания билігіне қарсы шаруалар көтерілісін бастады (Солтүстік Америка мен негізінен Орталық Америкадағы империя территориясы).



Испан королі VII Фердинанд (1808, 1814–1833 жылдары билік құрды) Мадридтегі тағына қайта оралған соң, колониалды жасақ пен Испан әскері арасында он бес жыл бойы қантөгісті ұрыс жалғасты. Тек 1828 жылы ғана Испания төрт отар вице-корольдігінің орнына жаңа республикалар кластерін қалдырып, Америка материгінен түбегейлі бас тартты. Испания империясы Куба аралдары мен Пуэрто-Рикада ғана тұрақтап қалды. Бразилияға келсек, Наполеонның 1807 жылы Португалияға шабуылы король үкіметін Лиссабоннан шығып кетуге, Атлантиканы жүзіп өтіп, тағын қайта Рио де Жанейроға орнықтыруға мәжбүрледі. 1822 жылы Бразилия азмерзімді революциялық күрессіз тәуелсіздік алды. Бұған реформатор принц Дом Педроның әкесі король VI Жуанды (1816–1826 жылдары билік құрды) Наполанның интервенциясы аяқталған соң, Португалияға ілесіп қайта барудан бас тартуы айтарлықтай әсер етті. Мұның орнына ол жаңа конституциялық монархияны билеу үшін Бразилиялық меншік иесі – элиталармен бірікті.

XIX ғасырдың басында Испания мен Португалия бақылауындағы аумақта 17 миллиондай адамдар тұрды. Олардың көбісі үнділіктер немесе аралас некеден туғандардың ұрпақтары – касталар болды. Бестен бір бөлігін Еуропадан қоныс аударған ақ нәсілділер пенинсуларес пен Америкада туылған креолдар құрады. Бразилия мен Мексиканың (жаңа Испания) көп бөлігін қара халық құрады.

Осы топтардың бәрі елдегі өзара тыныштықты әрең сақтап отырды. XVIII ғасырдың соңында Перуде Инк мемлекетінің орнағанын жариялаған кечуа үнділерінің көтерілісі бұрқ етті. Бразилияда да құлдардың көтерілістері жиі боп тұрды.

Ақ нәсілді тұрғындар бір-біріне күш жұмсамаса да, олардың арасында да қақтығыстар орын ала бастады. Экономикалық тұрғыдан күшейген креолдарға жоғарғы биліктің Еуропадан шыққандардың қолында болғаны ұнамады. Ағарту идеяларымен рухтанған креолдар өздерін отарлардың ішкі өмірінде көбірек қатысуды талап етті; отарлық элитаға кірудің басты факторына шыққан тегіне емес, меншіктің иеленуіне қарай анықталуы тиіс еді.

Сонымен қатар, 1783 жылы АҚШ-тың, 1804 жылы Гаитидың пайда болуына әкелген көтерілістерден креолдар маңызды сабақтар алды. Американдық Революция Америкада туылған ақ қоныстанушылар басқарған мемлекетті құру мүмкіндігін көрсетті. Гаитидегі қанды оқиғалар әлеуметтік тәжірибелер жүргізудің қауіптілігін көрсетті. Осылайша, саяси революциялар құрылысты ғана өзгертіп, қоғамдық құрылымның негізіне өзгертуге сылтау болмауы тиіс еді.

Британ және Испан революциясының айырмашылығы – жер мен көктей. Біріншіден, Испан империясы Британдық он үш колониямен салыстырғанда географиялық тұрғыдан өте ауқымды әрі мәдени көп қырлы. Ұзақ қашықтықтар қалаларды бір-бірінен алшақтатты, құрлықпен транспорт арқылы қатынау кенже қалды және империяның негізгі үлкен аймақтары әрқайсысы өзгеше климат, экология және этнолингвистикалық топтарға иелік етті, сондықтан да бір-бірімен үздіксіз байланыса алмады. Испан вице-корольдіктері, бұған қоса, Британ колонияларынан әлеуметтік иерархия құрамымен де ерекшеленді. Солтүстік Америкада еуропатекті адамдардың қара нәсілді құлдар мен үндістерден айтарлықтай саны көп болды. Испандық Америкада бұл жағдай керісінше еді. Он жеті миллион тұрғынның шамамен 44%-ы үндістер, касталар (аралас текті халықтар) – 32%, ақ нәсілділер – 19%, ал қара нәсілділер – 5%. Бұл арасалмақ империяның бір бөлігі мен екінші бөлігіне қарай түрленіп тұрды, бірақ колония заңы мен мәдени тәжірибесі айтарлықтай біржақты һәм сірескен әлеуметтік иерархияны сақтап келді: түбектіктер (пенинсуларес) (Еуропада туған ақ нәсілділер) артықшылықтарға ие болып, биліктің жоғарғы ұшында тұрды, ақ нәсілді креолдар екінші сатыны иеленді және бұдан кейінгі касталар – үндістер мен қара нәсілділер тізімнен төмен қарай орналасты. Географиялық және адами фактордың осындай құрамына байланысты колония көтерілісшілері бір ғана емес, бірнеше жаңа көтеріліске қатысты.

1810 жылы басталған тәуелсіздік үшін қозғалыс Наполеон соғыстарынан кейін үдей түсті. Отарларда тәртіпті қалпына келтіру үшін испандықтар бірге оларға қарсы әскер жіберді. Алғашында испан билігі өз дегеніне жететіндей көрінгенмен 1816 жылы жағдай күрт өзгерді. Бурбондардан әбден көңілі қалған Креолдар метрополиямен күресу үшін жасақтар құра бастады. Чилидегі Хосе де Сан Мартин мен Жаңа Гранадада Симон Боливар сияқты дарынды қолбасшылар басқарған креолдар испандықтарды құрлықтың елеулі бөлігінен қуып шықты. Мексикадағы жағдай әлдеқайда күрделі еді, бірақ, мұнда креолдар халықтың әртүрлі топтарымен ымыраға келіп, 1821 жылы жаңа мемлекеттің құрылғаны туралы жариялады.



Әскери әрекеттер тағы да бірнеше жыл болып, ақыры 1828 жылы Батыс жартышарында бір кездері кең байтақ Испан империясынан тек Куба мен Пуэрто-Рико қалды.

1814 жылғы құлдар көтерілісін санамағанда, Бразилияның Португалиядан тәуелсіздік алуы салыстырмалы түрде қан төгіссіз болды. Мұнда 1807 жылы Франция Португалияны жаулап алғаннан кейін Браганза корольдік әулет өкілдері қоныс тапқан болатын. Бірақ қайту уақыты келгенде, корольдың ұлдарының бірі Дон Педро ірі отарды тастап кетуден бас тартып, өзін Бразилия империясының басшысы ретінде жариялады. Ол өзінің реформистік жоспарлары арқасында монархиямен жазылмаған әлеуметтік шарт жасасып ақ креолдық азшылықтың қолдауына ие болды.

1810 мен 1830 жылдардағы соғыстардың арасында Батыс жарты шарында 12 жаңа мемлекет пайда болды. Ол «Либертадор» – азат етуші деп аталған және отарлардың орнында солтүстік американдық Құрама штаттар сияқты үлгіні көргісі келген Симон Боливардың жоспарларына сәйкес келмеді. Тіл мен діннің ортақтығына қарамастан, испандық үстемдіктің 300 жылында элиталар мен халықта локалдық біркелкілік сезімі дамыды. Перудың тұрғындары өздерін чилийліктерден ерекшеміз деп қарастырды, мексикандықтар өзінің оңтүстік көршілермен ұқсастықты байқамады. Екі конфедеративтік мемлекет – боливарлық Ұлы Колумбия мен Орталық Американың Құрама провинциялары бір ұрпақтың өн бойында құрамдас бөліктерге бытырап кетті.

Осылайша «картографиялық тұрғыда» Батыс жартышарындағы революциялар Еуропада байқалған нәтижелерге қарағанда қарама-қайшы нәтижелерге әкелді. Жаңа ондаған мемлекеттік құрылымдар 1792 жылғы жағдайда Еуропалық құрлықтағы шегаралардың жартылай қалпына келуімен үйлесті. Әлеуметтік өзгерістер әр жерде аса күрделі болды. 1775–1830 жж. аралығында ескі феодалдық элиталар жаңа элиталармен ауысты. Ескі элита өзіне билікті қайтара алды деген жерде оның өкілдері ескі тәртіптің ережелерімен буржуазияны тартпау арқылы елді басқару пост революциялық жағдайда мүмкін емес екендігін түсінді.

Дегенмен 1830 жыл – жаңа заманға көшудің тарихи сәтін паш етті. Келесі онжылдықта жылдам өзгерген жаһандық экономиканың күрделілігі мен айқын емес күйі көптеген қауымдастықты құқықтарын, бостандықтарын және ұлттық өзін-өзі билеу құқығын талап етуге талпыныс берді. Қала жұмысшылары мен елдегі басым шаруалар қоғам өміріне белсенді араласуға кірісті, белгілі бір елдерде ерлер сайлау құқығы мен қызмет құқығына ие болды, құлиеленушілік пен құл саудасына қарсы тараптар күш жинады және Атлантика революцияларына оттық болған идеялар Азия мен Африкадағы қалаларда өмір сүретін сауатты ерлер мен әйелдерді де оята бастады.

Еуропа не Америкаларда болсын, элиталардың өкілдерінің қандай қарым-қатынаста болғанына қарамастан, соңғы онжылдықтағы ұлы өзгерістер қалаған нәтижеге қол жетпеді деп есептеген адамдар тобы да болды. Мысалы, ұлттық азат ету идеясын жақтаушыларға көп ұлтты империялардың өмір сүру фактісі тарихи немесе этикалық ұстаным тұрғысынан да негізсіз болып көрінді. Социалисттер, Руссо, Бабеф пен Сен Симонды жалғастырып, жоғарғы әділетсіз ағымдағы меншіктік операцияларды сақтаудан көрді. Қоғамдық иерархияның төменгі иерархиясын иемденген топтар – индустриализацияланған Англиядағы жұмысшылар немесе Мексикадағы жергілікті халықтың өкілдері саяси өмірдегі қатысуды шектеуді бостандық пен теңдіктің жоғарғы идеалдарына сатқындық ретінде қарастырды.

Бір сөзбен айтқанда, революцияны аяқталған деп бәрі есептемеді.

Сұрақтар

1. Француз революциясының сіздің ойыңызша Гаитидегі жағдайға әсер етуінің себебі қандай?
2. Гаитиде қандай маңызды әлеуметтік топтар болды және олардың революцияға қатысты ойларын сипаттаңыз.
3. Гаитидегі революцияның кезеңдерін және маңызды оқиғаларын атап көрсетіңіз.
4. Оңтүстік пен Орталық Американың испандық иеліктерінде өткен бірқатар көтерілістердің басталуы себебі қандай?



Кітап: Рапортта: Дүниежүзі тарихы II

Дәріс: 13. Гаити мен Латын Америкасындағы отарлыққа қарсы революциялар

5. Американдық құрлықтағы революциядағы қандай жетекші тұлғаларды білесіз және олардың еңбегіне тоқталыңыз.
6. Латын Америкасындағы революцияның нәтижелері қандай болды?